

**«Қазкоммерцбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама**

Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қ., Гагарин д-лы 135 ж мекенжайында орналасқан «Қазкоммерцбанк» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Банк) Директорлар Кеңесі **2013 жылғы «25» сәуірде** өткен отырысында Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдады.

Банк акционерлерінің жалпы жиналысы **2013 жылы «28» мамырда** Алматы уақыты бойынша **11 сағат 00 минутта** мына мекенжайда өтеді: **Алматы қ., Әл-Фараби д-лы, 34.** Банк акционерлерін тіркеу **2013 жылғы «28» мамырда** 10 сағат 30 минутта басталады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өтпеген деп танылған жағдайда, акционерлердің екінші жалпы жиналысы **2012 жылғы «29» мамырда** Алматы уақыты бойынша **11 сағат 00 минутта** мына мекенжайда өтеді: Алматы қ., Әл-Фараби д-лы, 34. Банк акционерлерінің жалпы жиналысына қатысу құқығы бар акционерлердің тізімі Банк акцияларын ұстаушылардың тізілім жүйесінің мәліметтері негізінде **2013 жылғы «26» сәуірдегі** жағдай бойынша жасалады.

**Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі:**

- (1) Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- (2) Банктің 2012 жылғы қызметінің қорытындысы бойынша Басқарма есебін бекіту;
- (3) Банктің 2012 жыл бойынша аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- (4) Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу күнін анықтау;
- (5) Банктің 2012 жылғы таза табысын үлестіру тәртібін анықтау:
  - 5.1. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы мәселені шешу;
  - 5.2. Банктің резервтік капиталын бөлу;
  - 5.3. Банктің 2012 жылғы таза табысын үлестіру.
- (6) Банктің Директорлар Кеңесі мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшерін бекіту;
- (7) Акционерлерді Банктің Директорлар Кеңесі мен Басқарма Мүшелерінің 2012 жылғы сыйақысының құрамы мен мөлшері туралы ақпараттандыру;
- (8) Акционерлердің 2012 жылы Банктің және оның лауазымды қызметкерлерінің әрекеттеріне шағымдануы және оларды қараудың нәтижелері бойынша мәселені қарау.

Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі сұрақтарына байланысты материалдар акционерлер назарына жиналыс өтетін күннен он күн бұрын ұсынылады. Қажетті ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Алматы қ., Әл-Фараби д-лы, 34, 313 - кабинет, телефон +7(727) 2 585 221.

Банктің жай акциялары негізгі активтері болып табылатын акционерлер-депозитарлық қолхаттарды ұстаушылар Банк Акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысына қатысу үшін **2013 жылғы «21» мамырға дейін The Bank of New York-ке** төмендегі мәліметтерді ұсынуы қажет:

- меншік иесі - жеке тұлғаның Т.А.Ә./меншік иесі – заңды тұлғаның атауы;
- акциялардың меншік иесінің азаматтығы берілген/тіркелген елі, акциялардың меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттың атауы және деректемелері;
- меншік иесіне тиесілі акциялардың саны;
- өз өкілінің Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына қатысуына және Күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беруіне уәкілеттік беретін сенімхат.

Банк Акционерлерге төмендегілер туралы қосымша хабарлайды:

- (1) мәліметтері Қазақстанның Орталық депозитарийіндегі есепке алу жүйесіне енгізілмеген меншік иесіне тиесілі және номиналды ұстаудағы акциялар «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға сәйкес дауыс беруші акция ретінде танылмайды.
- (2) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабы 5 және 5-1 тармақтарына сәйкес, Қазақстан Республикасы

қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі – «ҚҚА») Басқармасының 2008 жылғы 02 қазандағы №145 Қаулысымен бекітілген, банктік және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының қызметі және бағалы қағаздар нарығындағы басқа да лицензияланатын қызмет түрлері мақсатында, жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметі мен акционерлік инвестициялық қорлардың қызметі мақсатында, Оффшорлық аймақтар тізіміне енетін, оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалар немесе оффшорлық аймақтарда тіркелген үлестес тұлғалары бар заңды тұлғалар немесе оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалардың қатысушылары (құрылтайшылары, акционерлері) болып табылатын жеке тұлғалар Банк Акционерлерінің Жалпы жиналысына қатысуға жіберілмейді.

### **Байланысу үшін:**

Майра Сабурова, Корпоративтік хатшы  
тел.: +7 (727) 2 585-221, E-mail: [msaburova@kkb.kz](mailto:msaburova@kkb.kz)

Алия Нурсипатова, Инвесторлармен байланыс жөніндегі бөлім  
тел.: +7 (727) 2 585-125, E-mail: [investor\\_relations@kkb.kz](mailto:investor_relations@kkb.kz)

Лариса Коковинец, Бұқарамен байланыс департаментінің директоры  
тел.: +7 (727) 2 585-456, 2 585-392, E-mail: [pr@kkb.kz](mailto:pr@kkb.kz)

### **Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қысқаша ақпарат:**

**Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша:** Банктің Директорлар Кеңесімен акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру барысында мақұлданған күн тәртібін бекіту ұсынылады.

**Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша:** материалдар акционерлердің сұратуы бойынша заңнамамен белгіленген мерзімде мына мекенжайда ұсынылады: Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 34, 313-кабинет, телефон +7 (727) 2 585 - 221.

**Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша:** материалдармен Банктің мына мекенбелгідегі сайтында танысуға болады: <http://ru.kkb.kz/page/FinancialReports>

**Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша:** жыл сайын Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банктің артықшылықты акциялары бойынша іс жүзінде дивидендтер төлеу күнін айқындайды. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивиденд мөлшері белгіленген болып табылады және Банк акцияларын шығару Проспектісінде көрсетілген (бір акцияға 0,04 доллар). Акционерлерге дивидендтерді төлеу басталатын күн ретінде **2013 жылғы 12 желтоқсанды;** Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні ретінде **2013 жылғы 12 қарашаны** белгілеу ұсынылады.

### **Күн тәртібінің бесінші мәселесі бойынша:**

#### **5.1. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу жөніндегі мәселені шешу:**

2012 жылғы қаржы жылының нәтижелері бойынша Банктің таза кірісінің болмауына байланысты 2012 жылдың нәтижелері бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төленбесін.

#### **5.2. Банктің резервтік капиталын бөлу:**

2012 жылғы 18 мамырда өткізілген акционерлердің жылдық жалпы жиналысында Банктің резервтік капиталы «Екінші деңгейдегі банктердің резервтік капиталының барынша төмен мөлшерін бекіту туралы» ҚҚА Басқармасының 2009 жылғы 28 тамыздағы № 196 Қаулысына сәйкес **58 605 125 мың теңге** мөлшерінде белгіленген болатын.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 26 желтоқсандағы Заңмен банктердің резервтік капитал қалыптастыру («Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызмет туралы» Заңның 43 бабының 1 тармағы) жөніндегі талабының күші жойылды. Резервтік капиталдың орнына 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап банктер Қаржы министрлігінің мақұлдауымен Ұлттық Банк тарабынан белгіленетін тәртіпте және шарттарда динамикалық резерв қалыптастыруға міндетті.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, акционерлерге Банктің резервтік капиталын өткен жылдардың үлестірілмеген таза кірісіне қосу арқылы толығымен бөлу ұсынылады, өткен жылдардың үлестірілмеген таза кірісі, сол сияқты таза кіріс есебінен қалыптастырылған резервтер Банктің меншікті капиталына енгізілетін болғандықтан, бұл шара Банктің меншікті капиталының мөлшеріне әсер етпейді.

### **5.3. Банктің 2012 жылғы таза табысын үлестіру:**

2012 жылғы қаржы жылының нәтижелері бойынша Банктің таза кірісінің болмауына байланысты 2012 жылдың нәтижелері бойынша таза кірісті үлестіру жүзеге асырылмасын.

**Күн тәртібінің алтыншы мәселесі бойынша:** материалдар акционерлердің сұратуы бойынша заңнамамен белгіленген мерзімде мына мекенжайда ұсынылады: Алматы қ. Әл-Фараби даңғ., 34, 313-кабинет, телефон +7 (727) 2 585 - 221.

**Күн тәртібінің жетінші мәселесі бойынша:** материалдар акционерлердің сұратуы бойынша заңнамамен белгіленген мерзімде мына мекенжайда ұсынылады: Алматы қ. Әл-Фараби даңғ., 34, 313-кабинет, телефон +7 (727) 2 585 - 221.

**Күн тәртібінің сегізінші мәселесі бойынша:** Банк акционерлері тарабынан 2012 жыл барысында Банктің және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне қатысты шағымдар түскен жоқ.

**Директорлар Кеңесі акционерлерге барлық мәселелер бойынша «Иә» деп дауыс беруді ұсынады.**